



ЖҮЛДЕ

## Алмагүл – үздік қызметкер

Өткен аптада Павлодар қаласында Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты шара өтті. Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында ұйымдастырылған салтанатқа облысымызда жұмыс сапарымен жүрген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова да қатысты.

Ж.ӘБДІКӘРІМ

Қуанышты жайт, аталмыш кәсіби мереке шеңберінде марапатталған байқау жеңімпаздарының қатарында екібастұздықтар да бар.

Атап айтқанда, «Үздік кітапхана қызметкері» номинациясында Екібастұз қалалық

орталықтандырылған кітапхана қызметкері Ольга Кожемяк III орынды иеленді. Ал «Атамұра» ұлттық мәдениет орталығының қызметкері Алмагүл Жүгінісова «Облыстың үздік клуб қызметкері» номинациясында I орынды жеңіп алды.